

Тексеру калибрлеу, салыстыру және метрологиялық аттестациялау мақсатында алып өтілетін нормативтік құжаттарды, эталондарды, өлшеу құралдарын және стандарттық үлгілерді алып өткені үшін кеден бажын, салықтар төлеуден және арнайы рұқсат беруден босату туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 31 қазандағы N 183 Заңы

1995 жылғы 10 ақпанда Алматыда Әзірбайжан Республикасы, Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Грузия Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Молдова Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан, Өзбекстан Республикасы, Украина үкіметтерінің басшылары қол қойған Тексеру және метрологиялық аттестациялау мақсатында алып өтілетін нормативтік құжаттарды, эталондарды, өлшеу құралдарын және стандарттық үлгілерді алып өткені үшін кеден бажын, салықтар төлеуден және арнайы рұқсат беруден босату туралы келісім бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Тексеру калибрлеу, салыстыру және метрологиялық аттестациялау мақсатында алып өтілетін нормативтік құжаттарды, эталондарды, өлшеу құралдарын және стандарттық үлгілерді алып өткені үшін кеден бажын, салықтар төлеуден және арнайы рұқсат беруден босату туралы келісім

Ескерту. Келісімнің атауына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2008.07.01 N 52-IV Заңымен.

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің
Ү к і м е т т е р і ,

1992 жылғы 13 наурыздағы Стандарттау, метрология және сертификаттау саласында келісілген саясат жүргізу туралы келісімді негізге ала отырып,

Келісімге қатысушы мемлекеттердің аумақтарында қалыптасқан метрологиялық база және өлшеу құралдары мен стандарттық үлгілерді өндіру, тексеру калибрлеу, салыстыру және метрологиялық аттестациялау жөніндегі кәсіпорындарды мамандандыруды ескере отырып,

өлшемдер бірліктері мен технологиялық дайындықтарды және эталондар, стандарттық үлгілер, бекітілген типтерді өлшеу құралдары және қолданылып жүрген

нормативтік құжаттар туралы ғылыми-техникалық ақпараттарды алмасуды қамтамасыз етудің келісілген метрологиясын сақтаудың, сондай-ақ халықаралық заң метрологиясы ұйымы (ХЗМҰ) мен Стандарттау жөніндегі Халықаралық ұйымның (СХҰ) шеңберінде тиісті халықаралық міндеттемелерді орындаудың қажеттілігін түсіне отырып, мыналар туралы келісті:

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2008.07.01 N 52-IV Заңымен.

1-бап

Осы Келісімнің объектісі стандарттар, метрология және сертификаттау жүйесінде қолданылатын нормативтік құжаттар, эталондар, өлшеу құралдары және бұдан әрі "тауарлар" деп аталатын стандарттық үлгілер болып табылады.

2-бап

Тексеру калибрлеу, салыстыру және метрологиялық аттестациялау мақсатында алып өтілетін тауарлар кеден бажын, салықтар төлеуден және арнайы рұқсаттар беруден босатылады.

Ескерту. 2-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2008.07.01 N 52-IV Заңымен.

3-бап

Алып өтуге жататын тауарлардың тізбелерін (номенклатурасын) стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі ұлттық органдар белгілейді.

4-бап

Осы Келісімді түсінуге немесе қолдануға қатысты даулар мен келіспеушіліктер мүдделі Тараптардың арасында консультациялар (келіссөздер) жүргізу жолымен шешіледі.

5-бап

Осы Келісім оған 1992 жылғы 13 наурыздағы Стандарттау, метрология және сертификаттау саласында келісілген саясат жүргізу туралы келісімге қатысатын басқа мемлекеттердің депозитарийге - Тәуелсіз Мемлекеттер Достығының Атқарушы комитетіне осындай қосылу туралы құжаттарды беру жолымен қосылуы үшін ашық.

Ескерту. 5-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2008.07.01 N 52-IV Заңымен.

6-бап

Осы Келісім шектеусіз мерзімге жасалады.

Әрбір Тараптың депозитарийге өзінің шешімі туралы ұйғарып отырған шығуына дейін кемінде 12 ай бұрын жазбаша нысанда хабарлап, осы Келісімнен шығуға құқығы бар.

7-бап

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге өзгерістер енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын тиісті хаттамамен ресімделеді.

Ескерту. 7-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2008.07.01 N 52-IV Заңымен.

8-бап

Осы Келісім мемлекеттердің оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағандығы туралы үшінші хабарлауы депозитарийге сақтауға тапсырылған күннен бастап күшіне енеді.

1995 жылғы 10 ақпанда Алматы қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды. Түпнұсқа данасы осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның расталған көшірмесін жолдайтын Беларусь Республикасы Үкіметінің Архивінде сақталады.

<i>Әзірбайжан Республикасының</i>	<i>Молдова Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>

<i>Армения Республикасының</i>	<i>Ресей Федерациясының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>

<i>Беларусь Республикасының</i>	<i>Тәжікстан Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>

<i>Грузия Республикасының</i>	<i>Түрікменстан</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>

<i>Қазақстан Республикасының</i>	<i>Өзбекстан Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>

<i>Қырғыз Республикасының</i>	<i>Украина</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>

Алматы - 10.02.95.